

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы «15» наурыз

«Мобильдік кеңсе» – БЖЗК қызметтерінің сапасы, ыңғайлылығы және қолжетімділігі

Бұдан бір жыл бұрын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – Қор) «Мобильдік кеңсе» жобасын іске қосқан болатын. Оны зейнетақы қызметтерін жерсеріктік байланыстың көмегімен онлайн тәртібінде көрсететін жылжымалы қызмет көрсету орталығы деуге болады. Бүгінде ол салымшылар арасында сұранысқа ие болып келе жатқан жемісті жобалардың бірі.

Қор кеңселері жоқ, облыс, аудан орталықтарынан шалғайда орналасқан елді мекендердің бар екенін ескерер болсақ, «Мобильдік кеңсе» – дер кезінде іске қосылған заманауи жоба болды. Соған сәйкес интернет байланысы жоқ немесе денсаулығына байланысты Қор кеңсесіне келе алмайтын азаматтардың үйлеріне Қор мамандары өздері барады.

Заманауи техникалармен жабдықталған шағын автобус сапар барысында күніне орта есеппен 75 салымшыға қызмет көрсетеді. Жоба іске қосылғаннан бері осы кеңсенің көмегімен 24 мыңнан астам қазақстандық азамат зейнетақы қызметтерін алып үлгерді.

Мобильдік кеңсенің сапарға шығуы алдын ала жоспарланған кесте бойынша жүзеге асырылады. Ал жол жүру бағыттары жергілікті атқарушы органдармен келісіледі. Өз кезегінде жергілікті билік тұрғындарға арнайы көліктің келетіндігін алдын ала хабарлайды.

Мобильдік кеңседе бірқатар маңызды зейнетақы қызметтерін алуға болады. Атап айтқанда: ерікті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шотын ашу (өйткені міндетті зейнетақы жарналары бойынша шот ашу рәсімі оңайлатылған), зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат беру тәсілін өзгерту, шоттан үзінді көшірме алу немесе зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аударуға өтініш беру және басқа да қызметтер.

Өзірге «Мобильдік кеңсе» жобасы Алматы, Атырау және Қостанай облыстарында жүзеге асырылуда. Ал биыл еліміздің тағы 7 өңірінде: Қарағанды, Қызылорда, Ақтөбе, Ақмола, Жамбыл, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында осы жобаны іске қосу жоспарланған.

Айта кетелік, салымшылар мен алушылар өздеріне қажетті ақпаратты Қор кеңселерінде және кез келген уақытта Қордың www.enpf.kz сайтындағы Жеке кабинет арқылы ала алады. Бұдан басқа байланыс орталығының 1418 тегін нөміріне қалалық және ұялы телефоннан хабарласуға болады. Сонымен қатар Қор сайтындағы Басқарма Төрайымының Блогы арқылы Қор басшылығына тікелей сұрақ қоюға мүмкіндік берілген. Telegram-бот арнасы мен «WhatsApp» мессенджері және әлеуметтік желілер арқылы («Одноклассники», «Facebook», «Вконтакте», «Twitter» және «Instagram») да хабарласуға болатындығын айта кеткен жөн.

«БЖЗК» АҚ салымшылар мен алушылардың тұрғылықты мекенжайы, әлеуметтік мәртебесі және өмір сүру жағдайына қарамастан зейнетақы қызметтерін барынша қолжетімді ету саясатын ұстанады. Әрбір адам қарттыққа қаржы жинау және зейнетақы жинақтары туралы ақпаратты кез келген уақытта алу мүмкіндігіне ие болуы керек.